

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

**ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№5 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

30.01.2024ж.

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD, доцент м.а. Е.Б. Жиенбаев, АК мүшесі, академиялық персонал - PhD А.Қ. Мейірбеков, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Н.Д. Қошанова, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К. Суинжанова, АК мүшесі, академиялық персонал - А.Д. Байдаулетова, АК мүшесі, академиялық персонал - Ы.Е. Нурмагомбетова, АК мүшесі, академиялық персонал - Ш.А.Каримова, АК мүшесі, академиялық персонал - С.А. Қонысова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Еділбаева, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Е. Нұралы, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Н.С. Зарбат, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А. Қуанышбекқызы, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Р.Ж. Ашимов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Е.Н. Бектаев, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Хакан Кылавуз.

Күн тәртібі:

1. ББ-ларына мониторинг жүргізу.
2. Қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Е.Б. Жиенбаев сөз алды. Қайырлы күн құрметті АК мүшелері. Қаңтар айында ББ-ларына мониторинг жүргізу жоспарланған. Жарты жылдық барысында Академиялық комитет мүшелерінің атсалысуымен елеулі ісшаралар атқарылғанын тілге тиек етіп, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша (7M02313 - Шетел филологиясы (ағылшын тілі), 7M02315 - Филология, 6B02332 – Шетел филологиясы: ағылшын тілі, 6B02335 – Аударма ісі: ағылшын тілі, 6B02336 – Филология: қазақ тілі, 6B02333 – Шетел филологиясы: түрік тілі) ББ-ларына мониторинг жүргізу жұмыстарының басталғанын жеткізді. Оқытушылар мен білім алушылар және жұмыс берушілер арасында сауалнама өткенін баяндады. Осы тұрғыда білім алушылардың практика жұмыстарын үйлестіру мен жұмыс берушілердің пікірін назарда ұстау алдағы уақытта ББ мазмұнын дамытуда маңызды екенін атап айтып, АК мүшелерінің күн тәртібіне қатысты ұсыныстарын талқыланатынын білдірді.


Академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К. Суинжанова: Ағымдағы жылдағы білім беру бағдарламаларын 2024-2025 оқу жылында қабылданатын білім алушылар үшін де тиімді деп ойлаймын. Сонымен қатар күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты айтар болсам, ББ-ларына мониторинг жүргізу бойынша жол картасы дайындалып, ішкі бақылау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Н.Д. Қошанова: ББ бағдарламасындағы құзіреттер мен оқыту нәтижелері білім алушылардың біліктілігін арттыруға бағытталған. Теориялық білімнің нәтижесі практика барысында да байқалады. Білімгерлердің игерген дағдылары ғылыми ізденістерінде септігін тигізері анық. Жүргізіліп жатқан мониторинг бойынша әзірленген салаунама нәтижесі ББ тиімді әзірленгенін меңзейді.

АК мүшесі, академиялық персонал - Ы.Е. Нурмагомбетова: ББ-ларына мониторинг жүргізу мәселесі бойынша зерделеу жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша ББ мазмұнында оқыту нәтижелерін үйлестіру жұмыстары жүйелі түрде көрсетілгенін баяндауға болады.


Шешім: Қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Е.Б. Жиенбаев

Хатшысы:



С.А. Қонысова